

ГЛОССАРИЙ

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМА (библиографическое описание; bibliographical description) – жалпы сипаттамаларды теңестіруге/сәйкестендіруге арналып бекітілген ережелер бойынша құжат туралы библиографиялық мәліметтер жиынтығы.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМА ҚҰРАСТЫРУ (составление библиографического описания; compilation of bibliographical description) – құжат туралы библиографиялық мәліметтерді белгіленген ереже бойынша тауып ретке келтіру. Библиографиялық сипаттаманы құру барысында: басылымды талдау; библиографиялық мәліметтерді табу; сипаттау элементтерінің қажетті жиынын анықтау; библиографиялық жазбаның алғашқы элементін іріктеп алу; тиісті шартты белгілермен дәйектілікте табылған мәліметтерді тіркеу.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМА ҚҰРАСТЫРУ НЫСАНЫ (объект составления библиографического описания; object of making bibliographical description) – библиографиялық сипаттама жасалынатын құжат, оны құрайтын бөлім немесе бір топ құжаттар.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМА САЛАСЫ (область библиографического описания; bibliographical area) – библиографиялық сипаттаманың бір немесе бірнеше қызметтік және/немесе мазмұндық біртекті элементтері бар библиографиялық сипаттаманың құрылымдық бірлігі.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАНЫҢ ЖАЛПЫ БӨЛІГІ (общая часть библиографического описания; general part of bibliographic description) – бірнеше томдарға (шығарылым, бөлім және т.б.) немесе көптомдық немесе сериялық басылымдарға қатысты мәліметтерді қамтитын библиографиялық сипаттама жиынының бөлімі.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАНЫҢ МІНДЕТТІ ЭЛЕМЕНТІ (обязательный элемент библиографического описания; mandatory element of bibliographical description) – құжаттың теңестіруін/сәйкестендіруін қамтамасыз ететін қажетті және жеткілікті мәліметтері бар БС элементі.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАНЫҢ ФАКУЛЬТАТИВТІК ЭЛЕМЕНТІ (факультативный элемент библиографического описания; optional element of bibliographic description) – құжат туралы, оның мазмұны, оқырмандық қызметі, анықтама немесе көркемдеу материалы және т.б. туралы қосымша хабар беретін элемент.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАУ ТІЛІ (язык библиографического описания; language of bibliographic description) – қабылданған ережеге сәйкес құжаттың сипаттамасы құрастырылатын тіл.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАУ ЭЛЕМЕНТІ (элемент библиографического описания; element of bibliographic description) – сөз құрылымы, саны, шартты белгілері және басқа библиографиялық мәліметтерді көрсететін библиографиялық ақпараттың жеке бірлігі. Бір немесе бірнеше белгілі библиографиялық мәліметтерді құрайтын библиографиялық сипаттаманың ең аз құрылымдық бірлігі.

БИБЛИОГРАФИЯТАНУ (библиографоведение; science of bibliography) – библиографиятану құрылымы, библиография теориясы мен тарихын, әдістемесін және библиографиялық қызметті ұйымдастыру жөніндегі ғылыми сала.

БИОБИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰРАЛ (биобиблиографическое пособие; biobibliographical manual) – белгілі бір автордың шығармаларын және ол туралы әдебиет пен өмірбаяндық мәліметтерді жинақтаған құрал.

БІР ТОМДЫ БАСЫЛЫМ (однотомное издание; one-volume edition) – мерзімдік емес бір том болып шығарылған басылым.

БІРЕГЕЙ ДАНА (единственный экземпляр; single copy) – қорда бар жалғыз дана құжат.

БІРЛЕСКЕН БАСЫЛЫМ (совместное издание; joint edition) – екі немесе бірнеше баспалардың атынан шығарылатын басылым.

БІРЛЕСКЕН КАТАЛОГТАУ (координатная каталогизация; cooperative cataloguing) – каталогтайтын жиындарды алдын-ала келісім бойынша бөлу негізінде бірлескен бірнеше кітапхана немесе ақпарат орталықтарының қызметі.

БІРІККЕН БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМА (объединенное библиографическое описание; combined bibliographical description) – баспа басылымын, оның бөлімдерін сипаттауға қайта басып шығарылуы, аударылымдары, бедерлері, мазмұндамалары, осы шығарманың қысқабаяндары, оған берілген пікір-сараптар туралы және т.б. біріктіретін библиографиялық сипаттама.

БІРІКТІРІЛГЕН БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ЖАЗБА (объединенная библиографическая запись; combined bibliographical record) – шығарманың (қайта басылымы, аудармасы) немесе онымен байланысты шығармалардың (пікір, қысқабаян және т.б.) түрлі жарияланымдары туралы мәліметтерді біріктіретін жазба.

БИБЛИОГРАФИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ – БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМА – Bibliographic description - жалпы сипаттамаларды теңестіруге, сәйкестендіруге арналып бекітілген ережелер бойынша құжат туралы библиографиялық мәліметтер жиынтығы.

ГЛОССАРИЙ – терминдер мен айтылған ойлардың түсіндірме сөздігі.

ИНДЕКСТЕУ – нұсқатаңбалау. Ақпарат іздестіру тіліндегі құжаттың немесе тапсырыстың мазмұнын білдіретін процесс.

КРАТКОЕ БИБЛИОГРАФИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ – ҚЫСҚА БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМА – Short bibliographic description - құжаттарды теңестіру, сәйкестендіру үшін қажетті, тек міндетті элементтер ғана кіретін сипаттама.

ОҚУ ЖОСПАРЫ (CURRICULUM) – білім беру деңгейінің оқу пәндерінің тізімін және көлемін, оқу тәртібін реттейтін негізгі құжат.

ОҚУ ПӘНІНІҢ КОДЫ - әріптер мен сандар арқылы таңбаланған оқу пәнінің реттік саны. Оқу пәндерін бір код жүйесіне түсіру оқу жоспарларының барлық түрлерінде қолданылады. Сондай-ақ бұл код оқу пәнінің

оқытушыларға және студенттерге арналған оқу-әдістемелік кешендерге (силлабустарға) енгізіледі.

ОҚУ ПӘНІНІҢ САЯСАТЫ - оқытушы пәнді оқыту барысында студентке қойылатын талап деңгейінің жүйесі. Талап ету жүйесі сабаққа қатысу, сабақтағы тәртіп ережесі, мадақтау мен жазалау жүйелеріне байланысты.

ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ЖҮЙЕСІ – оқу үрдісін регламенттеу және білім көлемін кредит түрінде есепке алу шегінде білім траекториясын таңдау, жекелендіру негізінде өз бетінше білім алуды жоғарлату және білімді шығармашылық түрде игеруге бағытталған білім беру жүйесі.

ОҚЫТУШЫНЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ (ОСӨЖ) (OFFICE HOURS) – оқу кестесінде көрсетілген және оқытушының педагогикалық жүктемесіне кіретін оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің аудиториядан тыс жұмысы.

ПРЕРЕКВИЗИТТЕР, ПОСТРЕКВИЗИТТЕР (PREREQUISITE, POSTREQUISITE) – берілген пәнге дейін және пәннен кейін игерілуде міндетті пәндер.

СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ПӘННІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS) - әрбір сабақтың тақырыбы және ұзақтылығы көрсетілген әр пәннің оқыту бағдарламасы.

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ (СӨЖ) – оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есептер түрінде бақыланатын жұмысқа берілген белгілі-бір тақырыптар тізімі бойынша жұмыс.

ҮЛГЕРІМДІ АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ (MIDTERM EXAMINATION) – бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес өткізілетін тыңдаушының оқу жетістіктерін жүйелі тексеру.

ҮЛГЕРІМДІЛІКТІ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ – оқу пәнінің әрбір тақырыбы және әрбір тарауы бойынша оқу пәнінің оқытушысы жүзеге асыратын тыңдаушының оқу жетістіктерін жүйелі тексеру.

ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА – ЭЕМ желісін пайдаланушылар арасында хабарды жеткізу және оны сақтау құралы.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР – электрондық түрде сақталатын,

ақпараттық жүйелерде қамтылатын ақпарат.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КАТАЛОГ – кітапхана оқырмандарына нақты уақыт аралығында жұмыс істейтін әрі машина арқылы оқылатын кітапхана каталогы.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ – ақпараттық технологияларды пайдалана

отырып, жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық, интерактивтік және т ранзакциялық қызмет көрсетуді ұсыну.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ - мемлекеттік органдардың электрондық қызмет көрсетулерді ұсыну жөніндегі жұмыс істеу тетігі.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ ВЕБ-ПОРТАЛЫ – «электрондық үкіметтің» барлық электрондық қызмет көрсетулері мен электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізудің біріңғай нүктесін беретін ақпараттық жүйе.